

Өзен



№12 (70) желтоқсан 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

 ҚҰТТЫҚТАУ

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл!

Сіздерді “Өзенмұнайгаз” АҚ еңбек ұжымы және жеке өз атымнан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Компанияның 400-миллионыншы мұнай өндіріп, ұлы мерекені лайықты түрде қарсы алуы - біз үшін үлкен мәртебе.

Тәуелсіздік – дәуір мен уақыттың бізге берген үлкен сыйы, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Бұл күн – киелі жеріміз бен болашақ ұрпақтың бостандығы үшін күрескен ата-бабалардың асқақ арманы орындалған күні. Бұл мереке-әрбір қазақтың жанына жақын, жүрегіне ыстық. Тәуелсіздік жылдары өңіріміздің экономикасы қарқынды дамыды. Бұл жетістікке әрбір мұнайшының зор үлесі бар екені сөзсіз. Ұлт тәуелсіздігін ұлықтау-ел болып еңсе тіктегеніміздің куәсі.

«Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр.

Ұлтшыл жұрттар, әні, Германия, Япония, Англия, Түркиялар. Олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң, бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әрадамы мемлекеттің керегі, қызметкері»-деп жазыпты алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов. Біз бабалар аңсаған мақсат-мұратқа жеттік. Кейінгі толқын, өскелең ұрпақ туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арнаған бабаларымызды ардақтап, соларға қарап бой түзеуі керек. Қазақстанның өркендеуі үшін баршаңызды жұмыла еңбек етуге шақырамын. Әр шаңыраққа шаттық пен бақыт, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жемістілеймін! Қазақ елінің Тәуелсіздігі ғұмырлы, Туы тұғырлы болсын! Мереке берекеге ұлассын. Қазақ елі дүния тұрғанша тұрсын!

**Есен Өтеев,
«Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры**

Зейнеткерлер құрметтелді

Мереке қарсаңында «Өзенмұнайгаз» АҚ Бұрғылау жұмыстары басқармасының директоры Ықылас Меңдібай ұжым атынан зейнетке шыққан бірқатар зейнеткерлерді Құрмет демалысына шығуына байланысты құттықтады. Салтанатты шарада Компания атынан Алғыс хаттармен қатар ақшалай сыйақылар да табыстады.

«Сіздерді «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы және жеке өз атымнан Құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Өндірістің жұмысы - қатаң тәртіп пен үлкен жауапкершілікті талап ететіні айтпаса да түсінікті. Өздеріңіздің тынымсыз еңбегіңіздің арқасында Өзен кен орнының дамуына өлшеусіз үлес қосып, жемісті де адал қызмет атқарып, жастарға үлгі - өнеге көрсеткеніңіз үшін Сізге компанияның Бас директоры ретінде шексіз алғысымды білдіремін.

Сіздің мұнай саласында өзіндік қолтаңбаңызды қалдырып, аман-есен зейнеткерлікке жеткеніңіздің өзі - біз үшін үлкен мақтаныш, үлкен мерей! Әр күніңіз шаттыққа толы болып, жақындарыңыздың арасында құрметке бөленіп жүре беріңіздер. Қазақта «Бақытыңды балаңнан ізде!», - деген қанатты сөз бар. Балаларыңызды қызықтап, немерелер мен шөберелер сүйіп, тамырын тереңге жіберген бәйтеректей жайқалып, бақытты да баянды ғұмыр сүруіңізге тілектеспін!», - деді ӨМГ АҚ бас директоры Е.Өтеев.



Үздіктер марапатталды

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне байланысты Расул Юсуповты (ӨМГ) Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігінің «Ерен еңбегі үшін» орденімен, Есбол Шалтаев (ӨМГ), Нұрымбек Мәмбетназаров (ӨМГ), Мадияр Нұрмұханов (ӨМГ), Мұрат Толқынбаев (ӨМС), Құрмет Алдабергенов (КҚС), Роза Мұстапаева (KMG EP-Catering), Қалдықожа Мұратов (ҚазГӨЗ), Берік Бекбаевтарды (СӨТБ) Құрмет грамотасымен онлайн марапаттап, Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.



Бас директор Есен Өтеев №2 МГӨБ директоры Мереке Құлбековке Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігінің «Ерен еңбегі үшін» медалін тапсырып, бір топ мұнайшыларды Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады.

-Құрметті әріптестер! Сіздерді ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесімен және марапатыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Өзенмұнайгаздықтар атаулы мереке қарсаңында 400-миллионшы мұнай өндіріп, ел ырысын еселеді. Тынымсыз еңбек ғана жетістікке жеткізеді. Жүйелі жұмыс ғана өз нәтижесін береді. Біз осындай жоғары көрсеткішке мұнай саласына әбден машықтанған, халықтың қамын ойлайтын, ел үшін еңбек ететін Өзіңіз сияқты азаматтардың ерен еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Маңдай термен, адал еңбекпен табысқа жетіп жүрген Сіздерге компания бас директоры ретінде шексіз алғысымды білдіремін. Ел аман, жұрт тыныш, мемлекетіміздің тәуелсіздігі баянды болсын, - деді Есен Өтеев.



Энергетиктер марапатталды

Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов барлық энергетиктерді кәсіби мерекесімен құттықтап, бір топ энергетикке бас директордың Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын тапсырды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 30 жылдығы мерекесіне байланысты №4 МГӨБ жұмыскері Хасан Мағұруповқа мемлекеттік награда III дәрежелі Еңбек даңқы ордені мен №5 СҚКБ жұмыскері Көбеген Қартабаевқа мерекелік медаль тапсырылды. Атаулы мереке аясында басқару аппаратының бір топ мамандарына бас директордың Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты берілді.

Пандемия кезінде азаматтардың денсаулығын қорғауға зор үлес қосуға белсенді атсалысқан бір топ басқару аппараты қызметкерлері Қазэнержи қауымдастығы төрағасы Алғыс хатымен марапатталды.

-Баршаңызды Қазақстан Республикасының 30 жылдығы және энергетиктер күні кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Марапат еңбек адамының беделін көтеріп, жұмысқа деген құлшынысын арттыра түседі. Ел мен жер, қара қазан, сары баланың несібесі үшін адал еңбек етіп жүрген Сіздерге Алланың нұры жаусын! Берекенің тұрағы, шапағаттың шуағы - «Өзенмұнайгаз» АҚ жасасын! Марапат құтты болсын, қадірлі әріптестер! - деді Айтқали Бәшенов.

Салтанатты шараға бас директордың техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Өсербай Тұрсабеков, компания кәсіподақ ұйымы төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысты.





Жігер

«Өзенмұнайгаз» АҚ командасы - чемпион!



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне байланысты Нұр-Сұлтан қаласында әуесқой футбол лигасы 40+ жастағы арасында ІІ Қазақстан Республикасының біріншілігі өтті.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп 4 күн бойы бақ сынасқан 15 команда ішінен «Өзенмұнайгаз» АҚ командасы үздік ойын көрсетіп, жүлделі 1-орынды жеңіп алды.

2-орынды «Zelmar stroy» (Ақтау), 3-орынды «Прогресс» (Қарағанды) командалары иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Тартысты бәсекеде қызықты ойын көрсетіп, шеберлігімен көзге түскен әріптесіміз Түгел Разақов «Үздік қақлашы» номинациясына ие болды. Компаниямыздың ары мен абыройын асқақтатқан жігіттерге Алланың нұры жаусын! Жеңімпаз команданың алдағы уақытта да «мерейі үстем болып, мәртебесі биіктей берсін»- деген тілек айтамыз.



Олимпиада

Қалалық пәндік олимпиада өтті

Қаламызда «Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен 9-сынып оқушылар арасында жаратылыстану мен математика циклі пәндері бойынша І қалалық пәндік олимпиада өтті.



«Мұнайшы» мәдениет сарайында өткен марапаттауға қала әкімі Мақсат Ибағаров пен бас директор Есен Өтеев қатысты. Білім мен білік сынға түскен додаға 220 оқушы қатысып, 30 оқушы жүлдегер атанды.

«Біз білім мен ғылымға бөлген қаржы-болашаққа салынған инвестиция екендігін жақсы түсінеміз. Елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруы-білімді ұрпаққа тікелей байланысты. Олимпиада ұйымдастырудағы мақсатымыз-білімді жастары, ғалымы көп, сапалы капитал қалыптастыруға атсалысу болып табылады. Жүлдегерлердің жеңісі құтты болсын!»-деді бас директор.

Жеңімпаздарға Алғыс хат пен медаль берілді. Бірінші орынға ұялы телефон, екінші орынға планшет, үшінші орынға электронды кітап табысталды.

Оқушылардың оқып, ізденуіне мотивация берген олимпиадаға демеушілік еткен «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы мен ұйымдастырған «Edlight Academy» компаниясына ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар шексіз алғысын білдірді.



Турнир

«Бәріміз де бірдейміз, кемсітуді білмейміз» турнирі өтті

«Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен қамқөңіл жандарға арналған «Бәріміз де бірдейміз, кемсітуді білмейміз» атты турнир өтті. Отырып ойнау волейболына қатысқан 5 команда ішінен жүлделі 1-орынды қалалық ІІБ, 2-орынды қалалық прокуратура, 3-орынды қала әкімдігі командасы жеңіп алды.

Айдар Кәрімаев бастаған блогерлер мен ақ халатты абзал жандардың командасына ынталандыру жүлдесі тапсырылды. Боча спорт түріне 18 спортшы қатысты.

Пауэрлифтинг спорт түрінен 80 келі және 80 келі+ салмақ дәрежесіндегі спортшылар сайысып, жеңіс Шалқар Ақмолдаев пен Амантай Бердалиевке бұйырды.

Арбадағы биден өзара жарысып, 1-орынды Жазира Ақбердиева, 2-орынды Асылбек Қанарбаев, 3-орынды Айнагүл Құлқайыровалар иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

- Бәріңізді Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Бүгінгі шараны өткізу арқылы тағдыр талқысына түсіп, жалғыздықтан жабырқап жүрген өздеріңізге моральдық және материалдық көмек көрсете отырып, Сіздердің өмірге деген құштарлығыңызды ояту болып табылады. Аман жүріңіздер. Қуанышты күндеріңіз көп болсын»,-деді турнирге қатысқан бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов.

5 жастағы баладан 65 жастағы ақсақалға дейін қатысқан турнир жеңімпаздары мен қатысушыларына диплом мен ақшалай сыйлық тапсырылды.



Марапат мерейді өсіреді

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетик кешені ұйымдарының қауымдастығы төрағасы Тимур Құлыбаев №3 Мұнай және газ өндіру басқармасының өндірістік техникалық бөлім бастығы Қанат Бітімовті Мемлекеттік награда ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен онлайн марапаттады.

Әріптесімізді жоғары марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіне табыс тілейміз.





Дидарғайып



«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған», - деп Абай жақсының аты өлмейтінін, оның артында өшпес із қалғанын айтса керек. Елі үшін еңбек еткен, көрегенділігі мен адамгершілігі бір төбе Бекболат Нұрлыбаевтың еңбек жолын өткен шақта айтқалы отырмыз. Амал нешік, тағдырға қарсы айла жоқ...

Орман өртегеннің оңғаны жоқ, бір тал шырпының өзі үлкен шығынға әкеліп, тілсіз жаудың бой бермей кеткені сияқты әлемді шарпыған індет кездігін құлаштап сермеп, ел арасына жылдам тарап, еңбектеген балаға да, еңкейген кәріге де қарамады. Талай отбасы ажал құшып, пандемиямен күресуге дәрмені жетпей бақилық болды.

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айының 1-жұлдызы Нұрлыбаевтар отбасы үшін қаралы күн болды... «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген, індеттің оғы туралап келді. Білікті мұнайшы, абзал азамат Бекболат Нұрлыбаев 63 жасында өмірден озды. Марқұмның жаны жәннатта болып, жатқан жері жарық болсын! Артында қалған ұрпақтарына қайғырып көңіл айтамыз.



Ардагер мұнайшы, кішкенеде бірге өскен отбасылық досы Киикбай Медеуов:

«Бекболат 1958 жылдың 13 шілдесінде Маңғыстау облысы, Ұштаған ауылында

қарапайым мұғалімнің семьясында дүние есігін ашыпты.

Сәбилік тәй-тәй аяқ басқан алғашқы табан іздері сол Жарма, Сазды ауылдарының құм төбелерінде қалыпты, кейін әкесінің жұмысы Сенекке ауысып, 1963 жылы жаңадан құрылып жатырған Ескі Өзенге көшіп келген екен.

Кішкенемізден, 1965 жылы мектепке қатар бардық, тек кластарымыз бен класс жетекшілеріміз ғана бөлек болды. Бекболаттың үйлері ойдағы «солтүстік сай ауылдың» теріскей жақ шетіндегі «Сексеннің ауылы» атанған бөлігінде отырды.

Ол сол бала, балаң кезінен - ақ спортқа, жарыстарға ерекше құмар болды, әрі осындай шараларды ойлап тауып, ұйымдастыруға құлшынып кірісетін, көпті бастауға, ұжымдастыруға қабілетті екені көрініп тұратын, ауылдың өзі құралпылас бүкіл баласын дегендеріне қарамай, еріксіз жинап, олардан команда құрып, түрлі жарыстар өткізетін.

1975 жылы сол Ескі Өзен поселкесіндегі (қазіргі Қызылсай ауылы) №4 орта мектепті (қазіргі С.Бегендіқұлы атындағы №5 мектеп) бірге бітірдік. Марқұм әкесі Нұрберген Кемалиев те осы мектепте физика пәнінен сабақ беріп, сыйлы ұстаздардың бірі болды. Әкесі мұғалім болғандықтан ба, әлде жаратылысынан ба, Бекболат сабаққа ынталы, үлгерімі мен тәртібі жағынан да жақсы еді.

Мектептен соң ел қатарлы, 1989-1992 жылдары Жаңаөзен мұнай техникумында «мұнай газ скважиналарын пайдалану» мамандығы бойынша оқып, «техник-мұнайшы» біліктілігін алып шықты. 1999-2002 жылдары Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде «мұнай және газ кенорындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша сырттай оқып, «тау кен инженері-мұнайшы» мамандығын алды.

Біздер сол мектеп қабырғасында жүрген кезімізден бастап ауылдас, қатарқұрдас, сыныптас болып аралас-құралас жүріп өстік, кейін есейе келе осының бәрі шынайы достық дейтін дәреже-деңгейге жетіп, өмір бойы айырылмастай болып араласып кетіп едік, тіпті бұл өмір деген алып өзеннің басталуы сияқты аяқталатын кезі де болатынын, қара жердің бетіндегі бізге өлшеп берілген уақыттың да шектеулі нәрсе екенін тіпті де ойламаппыз.

Мына тірлікте кім-кімнің де жанына жақын тартатын қимас достары да болар,

тіпті олар көп те болуы мүмкін, біз де шынайы достар едік, достығымызды да өзімізше елден артық көретінбіз.

Міне, сол балаң, бұла кездерден, қаншама жылдар өтті, бұйырған 60 деген жастан да өттік, бірақ жұмысбасты болып немесе отбасы шаруаларымен деп бір-бірімізден алшақтап кеткеніміз жоқ, қайда жүрсек те әрқашан бір-бірімізден хабарлы болдық, алды 40 жасқа таяған алғашқы балаларымыздың дүниеге келуінен бастау алған, отбасылық мерекелерді де үнемі бірге өткізіп отырдық.

Бекболат өте көпшіл, қай шаруада

жақсы болуы, өзінің осындай Азамат бола алғандығының арқасы дер едім. Армандары да көп еді!

Атқарыпжүргенлауазымдықызметімен бірге қоғамдық жұмыстарды да қатар алып жүріп, Жаңаөзен мен Қызылсай ауылының өміріне етене араласа білді, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосты.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын құса игі» дегендей, әкесі Нұрберген сияқты Бекболат та «Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы» атанды. 2019 жылы «Жаңаөзен қаласының Жыл адамы»



да әділ, айналасына бала секілді шынайы, ашық еді, ағайынды, ауылдастарын, үлкендерді ерекше сыйлады, ерекше қадір тұтты, кішілеріне ақылшы, әрі істерімен өзі үлгі бола білді.

Әсіресе ерекше қасиеті - көре алмаушылық, қызғаныш, кекшілдік сияқты нәрселерден аулақ болатын. Адамның тек жақсы жағын көруге тырысатын. Көрген кемшілігін кез - келген адамға сол жерде - ақ, ақырына қарамастан бетіне айта-тын. Бір сөзбен айтқанда, «аузын ашса, жүрегі көрінетін», пендешіліктен аулақ, бір туар жан еді.

Қашан көрсең де, күн демей, түн демей онсыз сол мұнай шықпайтындай, бүкіл өндіріс тұралап, тұрып қалатындай болып, «телефоны қолынан түспей, жұмыс, жұмыс» деп жүретін. Өмірге де, еңбекке де адал, мамандығына ерекше құштарлықпен, жан тәнімен берілген жан болатын. Ол бастаған шаруасы мен жұмысын іске асыру барысында ойына алғанын бітіргенше еш тынбайтын. Оның осы қысқа өмірінде соншалықты абыройға ие болуы, қолы жетіп үлгерген не бағындырған биіктіктері, болашақ өмірін жалғастырушы ұрпақтарының

атағына ие болды, Қызылсай ауылының ақсақалдар кеңесінің мүшесі де еді.

Біріміз де кейде пендешілікпен ешқашан қара жердің астына түспейтіндей, жер бетіне мәңгі өмір сүруге келгендей «адамзат сапарының қонағы» екенімізді ұмытып кетеміз.

Жақсының қоғамдағы орнын, атқарған жақсы істерін өмірден өткен соң ғана айтып жатамыз, Бакеңнің тірісінде еңбегі бағаланды да, айтылды да... Бірақ Бакеңнің алдағы күндерге, болашаққа, деген жоспарлары, армандары мен ойлары іске аспай қалғаны ғана жаныңа батады!

Кеше ғана іргетасы Жаңаөзен қаласынан бұрын қаланған, Маңғыстау мұнайшыларының қарашаңырағы атанған туған ауылы Қызылсайдың 60 жылдық мерейтойын өткізу бастамасын көтеріп, осы шаруаның төңірегіндегі барлық жауапты істерді өзі басқарып, аяқтай жүріп ұйымдастырып, өткізген де осы Бакең еді.

Жоғарыда атап өтілген атақ, марапаттары - оның қоғам мен әлеумет үшін атқарған игі істерінің дәлелі десек артық айтқандық емес...



БӨЛЕК ЖАН ЕДІ...



Ардагер - мұнайшы
Ізберген Оспанов:

«1979 жылдың шілде айының бас кезі болатын. №1 МГӨБ басқармасына басшы болып бардым. Кәсіпшілік мамандары түскі үзілісте «вагонщикте» отыр екен, сыртта жаңа кеңсенің құрылысы жүріп жатыр екен, құрылысшылар жұмыс жасап жүр. Көзіме түскені құрылысшылар жұмыс жасап жатқан жерде тастан қаланған үйшік болды. Үйшіктің ішіне кірсем бір топ азаматтар отыр екен. «Не істеп отырсыңдар?», - деген сұрағыма осы кәсіпшілікте мұнай өндіру қондырғыларының жөндеушілеріміз деп жауап берді. Жауап берген кісі жөндеушілердің шебері, тәжірибелі, мұнайшы ағамыз Шият Абдрашов еді. Қасында көмекшісі Қомпи Құлжанов және жас жігіт Бекболат Нұрлыбаев болды. Бекболат бірден байқалып көзге түсті. Өте пысық, тез қимылдайтын, тік мінезді, айтқанын орындататын, қасындағы азаматтарға сөзі жүретін еді.

Бұл кездегі басты мәселе кәсіпшіліктегі мұнай өндіруді төмен түсірмеу, барынша көтеру болды. Осыған байланысты кәсіпшіліктегі мамандарды іріктеу керек еді. Топтық қондырғыларға тәжірибелі, ұйымдастыру қабілеті бар операторлар қажет болды. Әрі қарай шебер болуға ынтасы бар азаматтарды іздедім. Осындай азаматтардың бірі - осы Бекболат

ініміз еді. Өзінің іскерлігімен, жауапкершілігімен жұмыста озат еді. Шебер дәрежесіне өзінің алғырлығымен көтерілді. Ешуақытта уақытпен санаспаған адам. Топтық қондырғыларда болған апатты жағдайлардың басында болып, күн, түн демей жұмыс жасаған тәжірибелі маман болды.

Кәсіпшілікте Комсомол ұйымының төрағасы, қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырушысы болды. Кейін 2000 жылдары №1 МГӨБ басқармасына тағы да басшы болып барғанымда Бекболат Нұрлыбаевпен кездесуіміз қайта жалғасты. Ол №10 кәсіпшіліктің басшысы екен.

Марқұм Бекболат Нұрлыбаев - менің шәкіртім десем болды. 46 жыл мұнай саласында ерен еңбек етіп, Өзен кен-орынның дамуына өлшеусіз үлес қосқан азамат.

Бекболат ініміздің жарқын бейнесін ілтипатпен еске ала отырып, жатқан жері жарық болсын, иманы жолдас болсын! Шапағатын үрім-бұтақтарына шашып, желеп-жебеп жатсын дегім келеді.

Мұратымыз - иманды, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы - тәрбие», - деген екен даналар. Отбасында үш ұлына, екі қызына үлгілі әке, сегіз немересіне өнегелі ата, өзінің ақылын айтып, батасын беріп отыратын, ақсақал еді. «Алла Тағала несібені әйелге береді, соның берекесімен дүние құралады» дейді шарифатта. Қызылсай ауылының байырғы тұрғандары, елі сыйлаған, Бекболаттың ата-анасының көрегенділігі мен өнегесін бойына сіңіріп ибалы келін атанған Шалқар да ерінің алдынан кескен емес. Оның қонақжайлылығы керемет еді. Қолына түскенді берекелендіріп, келген қонақтарын жылы қабақпен қарсы алып, үнемі дастарханы кең, тамағы мол, қою шайы дайын болатын».

Қарапайым да сыйлы бола білген ерекше жан Бакеңнің болмысы мен азаматтығы көптің жүрегінде мәңгілік сақталып қалары сөзсіз. Оның жарқын жүзі мәңгі есімізде болады!

Бақұл бол, жан досым! Жатқан жерің жарық, иманың жолдасың болып, құдай тағала өзіңді пейіштің нұрына бөлегей!»



Қызы Жазира Бекболатқызы:

«Арманымның шыңына қол жеткізген,
Кеудемді әркез қуанышқа толтырған,
Алдымда асқар тау боп жүретін!
Әке сен өмірімнің мәні едің!»

Біздер әкеміз бен анамыздың арқасында өмірде ешқандай қиыншылық пен таршылық көрген жоқпыз. Ең бақытты балалық шақ болды деп айта аламын.

Біз отбасында әкелік махаббатты толық сезініп өстік. Әке жұмыста қанша қатал басшы болып, шаршап келгенмен, үйде ең мейірімді жан ретінде мойнына асылып, кез-келген уақытта еркелей алатынбыз.

Менің әкем - нағыз патриот болатын. «Кіндігіңнің қаны бір тамған жерге, маңдайыңның тері де таму керек!», - деген ұстанымда жүретін. Туған жеріне, еліне қолынан келгенше жақсылық жасап, көмек қолын ұсынатын. Елін қадір тұтып, әркез құрметтеп жүретін әкені көріп өскен біз, әкеміздің елдің алдында абыройлы екенін білеміз, мақтан тұтамыз... «Жақсы әке баласына қырық жыл азық»,- демекші әкеміз біз үшін «идеал» болды, әрі солай болып қалады да... Өнегелі ғұмырында ұрпағына үлгілі істер жасап, өшпес із қалдыраған жақсының ұрпағы болып қала береміз!»

Бекболат Нұрлыбаев 1975 жылы «Мангышлакнефть» арнайы көліктер басқармасында көлік-жөндеуші ретінде еңбек жолын бастады. 1978-1981 жылдары НГДУ «Узеннефть» ПО «Мангышлакнефть» жөндеуші ретінде жұмысын жалғастырып, 1981-1983 жылдары УТТ мекемесінде жүргізуші болды. Жас жігіт жұмыс жасап жүріп, арасында әскер

қатарына шақырылып, шетелде Чехословакияда өзінің әскери борышын өтеді.

Бекболат Нұрлыбаев еңбекте сыйлы болды. Өндірістің ыссы-суығына көніп, уақытпен санаспай, жұмыстың қиындығына еш мойымаған жан. Е1984-2004жылдары аралығында НГДУ «Узеннефть» ПО «Мангышлакнефть» Өндірістік бірлестігінде мұнай және газ өндіру операторы, шебер, 1 категориялы инженер, цех бастығының орынбасары, цех бастығы қызметтерін абыроймен атқарды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның №3 Мұнайгаз өндіру басқармасында ОИТҚ бастығы, басқарманың бас инженері, №1 Мұнайгаз өндіру басқармасының бас инженері, №1 Мұнайгаз өндіру басқармасының инженері, цех бастығының орынбасары, цех бастығы қызметтерін абыроймен атқарды.

2018 жылдан бастап, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Өндірістік жедел басқару департамент директоры міндетін атқарды.

Еселі еңбегі елеусіз қалмады. «Еңбегіне қарай құрмет», - деп халқымыз бекер айтпаған. «Қазақстан мұнайына 100 жыл», ҚР Энергетика индустрия және сауда министрлігінің төсбелгісімен, «Қазмұнайгаз» АҚ ҰК Құрмет грамотасымен, Компания тарапынан «Өзенмұнайгаз» АҚ мерейтойлық төсбелгілермен, Құрмет хаттармен марапатталды.

Түйін: Біреу дүниеге келеді, біреу кетеді. «Дүние жалған» деген осы болар! Абайша айтқанда дүниенің тұтқасы болған ешкім жоқ... Алланың қалауы бәрі!

«Айтсаң ғана жүрекке салмақ түспейді», - дейді Бакең туралы еске алдық, фәни ғұмырындағы сауапты игі істері алдынан шығып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Айнагүл Күшікбай





Жалынды жастар

Тәуелсіздік құрдастары



Жарылғасын Ақмолдаев

Тәуелсіздік жылдары дүниеге келіп, қала экономикасының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып жүрген мұнайшы жастарда бар. Солардың бірі **Жарылғасын Ақмолдаев** - тәуелсіздік құрдасы. 1991 жылы Жаңаөзен қаласында дүниеге келген. «Тәуелсіздіктің құрдасы болу-үлкен мәртебе. Тәуелсіз мемлекеттің алғашқы азаматы ретінде өзімді бақытты сезінемін. Бұл бір жағынан үлкен мәртебе болса, екінші жағынан үлкен жауапкершілік! Ата-анамның алдында да, елдің алдында да абырой биігінен көріну, адал еңбек ету парызым деп санаймын. Барша қазақстандықтарды басты мемлекеттік мерекемен құттықтаймын! Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, тәуелсіздігіміздің тұғыры мықты болсын!», - дейді тәуелсіздік құрдасы. Жарылғасын Ақмолдаев 1997-2006 жылдары №10 орта мектепте білім алады. 2006 жылы О.Тұрмағамбетұлы атындағы мұнай және газ колледжіне оқуға түсіп, техник-механик мамандығына ие болады.

2010-2013 жылдары Алматы қаласындағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында оқиды. 2011 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты Технологиялық транспорт басқармасына жөндеуші болып жұмысқа орналасады. 2012 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ транспорт бөліміне инженер болып еңбегін жалғастырып келеді.

Гүлзия Тайжанова



Тәуелсіздік құрдасы - **Гүлзия Тайжанова** 1991 жылы сәуір айының 02 жұлдызында Түркіменстан Республикасының Бекдаш поселкесінде дүниеге келді. 2000 жылы 2 сыныпты бітіріп, Қазақстанға отбасымен қоныс аударады. Жаңаөзен қаласындағы №2 орта мектепте 9 сыныпқа дейін білім алып, Маңғыстау энергетикалық колледжінің студенті атанады. Мектеп қабырғасында жүріп, волейбол ойнап, спорттық жарыстарда қыздар құрама командасы талай рет Астана, Өскемен, Орал қалаларына сайысқа барып, жүлделі орындарға ие болды. 2011 жылы Маңғыстау Энергетикалық колледжін үздік дипломмен аяқтады. Ақтөбе қаласында Қ. Жұбанов атындағы Университетінің, Көкшетау қаласындағы Көкше Академиясының түлегі.

Еңбек жолын 2009 жылы тамыз айының 5 жұлдызында «ӨМГ» АҚ-на қарасты Өзенэнергомұнай басқармасында 2-ші дәрежелі электрожөндеуші болып бастайды. 2012 жылдан бастап Технологиялық транспорт басқармасына Әлеуметтік әкімшілік жөніндегі маманы, 2016 жылы «ӨМГ» АҚ Аппарат Басқармасында әкімшілік сұрақтар жөніндегі маман, 2018 жылдан бастап ӨМГ» АҚ АБ-да әлеуметтік әкімшілік департаментінің әлеуметтік сұрақтар жөніндегі аға маманы лауазымына ауысып, күні бүгінге дейін аталған мамандықта еңбек етеді.

Азат Сисенбаев

Еліміз Тәуелсіздік алған жылы дүние есігін ашқан жандар бүгінде 30-ға келді. Орда бұзар отыз жаста қалаған мамандығын меңгеріп, мұнайдың дамуына үлес қосып жүрген азаматтың бірі **Азат Сисенбаев** - тәуелсіздік құрдасы. «Мұнайшы болу - менің арманым. Тәуелсіз мемлекетімізде туылып, еңбек етіп жүргеніме ризашылығымды білдіремін. 1991 жылы Жаңаөзен қаласында дүниеге келдім.

№4 МГӨБ -қа қарасты №6 МГӨК №21 топтық қондырғыда 3-дәрежелі оператор болып еңбек жолымды бастадым. 2013-2017 жылдары №4СЖЖК-да бригада көмекші операторы болып істедім. 2017-жылдан бастап ЖАЖ бригада шебері болып қызмет етемін», - дейді тәуелсіздік құрдасы Азат Сисенбаев.



Аманбек Жаманчаев



Тәуелсіздіктің құрдасы **Аманбек Жаманчаев** замандастарына табысты еңбек ете отырып, биылғы Ұлық мерекемен мұнайшыларды құттықтайды.

Тәуелсіздік құрдасы 1991 жылы Жаңаөзен қаласында дүниеге келген. 1997-2006 жылдары №10 орта мектепте білім алады. 2006 жылы О.Тұрмағамбетұлы атындағы мұнай және газ колледжіне оқуға түсіп, мұнайшы мамандығына ие болады.

2011-2014 жылдары Ақтау қаласы Ш.Есенов атындағы университетінде оқып, транспорт-техник мамандығын алды. 2011 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасына машинист болып жұмысқа орналасты. №2 СҚКБ №2 автотізбектің ЦА 320 арнайы техниканың машинисті болды.

2018 жылы Жөндеу механикалық цехының №1 бөлімшесінде шебер болып еңбек етті. Қазіргі таңда басқармада №2 автотізбектің аға механигі. Екі қыз, бір ұлдың әкесі.

Адай Дүйсенбаев

«Тәуелсіздік құрдасы атану-үлкен мақтаныш. Қазақстанның дамуына үлес қосу мен үшін мәртебе!», - дейді тәуелсіздік құрдасы Адай Дүйсенбаев.

Адай Дүйсенбаев - тәуелсіздік құрдасы. 1991 жылы 16 желтоқсанда Түркіменстан Республикасында дүниеге келген. 1998-2009 жылдары Жаңаөзен қаласындағы №3 орта мектепте білім алды. 2009-2013 жылдары Алматы қаласындағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетте білім алып, геолог мамандығына ие болды.

2013-2015 жылдар Ресейде И.М.Губкин атындағы мұнай және газ мемлекеттік университеттің магистратурасын бітіріп, «Мұнайгаз ісі» бойынша үздік Магистр дипломы иесі атанады. 2015 жылы аутсорсинг болып еңбек жолын бастап, 2018 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты №4 МГӨБ №6 ЦДНГ 3-дәрежелі инженер-геолог қызметін атқарды. Қазіргі таңда №4 МГӨБ-те өндірістік техникалық бөлімнің аға инженері. Әйелі, екі баласы бар.



Елболсын Сатыбаев



Елболсын Сатыбаев 1991 жылы Жаңаөзен қаласында дүниеге келді. 1997-2008 жылдары №10 орта мектепті бітірді. 2014-2016 жылдары Ақтөбе қаласындағы С. Бәйішов атындағы университетте жоғарғы білім алып, мұнай және газ ісі мамандығына ие болды.

2014 жылы ЖШС «Жөндеу»

мекемесінде бұрғышы көмекшісі болып еңбек жолын бастайды. 2016 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты №1 МГӨБ-те 4 дәрежелі жөндеуші болып жұмыс орнын ауыстырады. 2019 жылдан бастап аталмыш басқарманың ЖОДЖЖСЦ цехында такелажник болып жұмысын жалғастырып келеді.

Ер есімі
ұлықталды

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесі мен Маңғыстау мұнайының 60 жылдығы мерейтойы аясында №3 СҚКБ-да ашылған аллея мен спорт алаңшасына ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жеңіс Жарылғаповтың аты беріліп, ер есімі ұлықталды.

Әділбек Ниязымбетов, Жеңіс Таумұрынов, Қанат Көптілеуов сияқты тарландарды тәрбиелеп, сан мәрте ел абыройы мен мерейін асқақтатқан Жәкеңнің компания үшін сіңірген еңбегінің зор екені баршамызға аян.

Марқұмның рухына құран бағышталған соң, бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Айтқали Бәшенов, бас директордың мемлекеттік органдармен байланыс және әлеуметтік жобаларды қолдау жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев құттықтау сөз сөйледі.

Осы идеяны көтеріп, іске асуға мұрындық болып, қолдау көрсеткен аталмыш басқарма директоры Нұрбек Союнов пен демеушілік жасаған кәсіподақ төрағасы Сергей Қозығараевқа бас директор Есен Өтеевтің атынан Алғыс хат берілді.

«Өсер ел өз ұлдарын өнеге тұтады», - деген Әбекеңнен қалған жақсы сөз бар. Компания үшін әрбір азаматтың орны бөлек. Тірлігінде талай жанның тәлімгері, адал жолдасы бола білген Жәкеңе құрмет көрсету-біздің азаматтық парызымыз.

Шара соңында Жәкеңнің бауыры мен жары ел ағаларына шексіз алғысын білдірді.





Жұмақтың иісі (әңгіме)



Дәл қаңтардың бірі күні Қаракөз шекесі торсықтай ұл туды. Құдай берді... Жеңіл босанды. Қазір палатада 4 келіншек болып жатыр. Бұл ішіндегі ең жасы... Қалғандары өңкей сақа келіншектер... Бәрі шетінен ақыл айтқыш... Бүгін Мәрзия деген қырыққа жақындап қалған арық келіншектің сөзі жаңа жылдық демалысқа тап болып, көзі бозарып, жіпсіз байланып жатқан Қаракөздің жүйкесіне тиіп кетті...

- Байқаймын аңқау сияқтысың,-деп бастады сөзін Мәрзия. Артыңнан келген тамаққа мұқият емессің. Аллаға шүкір, анаң да, енең де, жеңешен де, қайыңсыңлілерің де буын бұрқыратып мантины да, асылған етті де, қуырдақты да әкеліп жатыр... Қайтсін енді... Байқаймын дәулетті жердің келіні сияқтысың... Сол әкелген тамақтың 50 процентін ана Гүлжамал опырып жеп жатыр. Тәбет деген қасқырдікіндей...

Ал сен болсаң тауық сияқты шұқисың да отырасың. Балаға сүт шығу үшін дұрыстап тамақтануың керек! Мен Гүлжамалмен 20 жылдан бері көрші тұрамын. Құдайдың құдіреті екеуіміз бірге толғатып, бір мезгілде босанып, бір палатада жатырмыз. Үлкені жиырма бесте. Өзі қызбала. Аздап нәгөйлеу. Тура жаңа жылдық шырша сияқты. Әлем-жәлем болып үстіне керекті де керек еместі де жапсырып алып жүреді. Арасында басына бантик тағып, дүкендегі қуыршақтан аумай қалатынын қайтерсің...Өткенде үйіне барсам, бейшара қыз нейлон көйлекпен еден жуып жүр. Қай

бетімді шымшиын...Соңғы кезде тез қартайып барады. Сірә, өкпе ауруына шалдыққан болу керек...Қыс бойы жалаңбас, жұп-жұқа капрон колготкимен жүреді...Гүлжамал байғұстың байы жүрген бір әңгүдік. Бір айтқанын мың айтып басыңды шырдай қылады. Өзінше анекдот айтып, қатырып отырмын деп ойлайды. Онысына жан баласы күлсе, бұйырмасын. Оған қысылып отырған ол жоқ. Өзі айтып, өзі мәз...

Қаракөздің түк пайдасы жоқ мыжың сөзден басы ауырып кетті. Орнынан көтеріліп дәлізге шықты. Мәрзия да бұнымен ілесе шықты. Бетінде бір тамшы косметика жоқ саркідір тартқан еден жуушы қатын дәлізде тұрған шкафтың астына қозғалмасын деп картон салып мықшындап жатыр екен. Дәлізден хлордың иісі аңқып тұр. Екі келіншек өткір иістен қашып, кері палатаға кіруге мәжбүр болды.

Кіржиіп палатаға Гүлжамал кірді. Тағы қыз тудың деп байы мәңкіп жатқан көрінеді. Еркек бала тудың деп Қаракөзді жақтырмайды.

Палатадағы төртінші келіншектің аты Гәкку. Өзі жұмыссыз. Өзін ақынмын деп қояды. Кішкентай қызталағына қандай ерекше ат қойсам екен деп бәрінің мазасын алып болды.Таңертең «қыздар, жапырақтағы таңғы шыққа қарасандаршы...Керемет емес пе?!»-деген сияқты қызық-қызық сөздер сөйлейді.

Қырықтан енді асса да тістері протез. Оны түнде шешіп, су құйылған стаканға салып қояды. Қаракөздің қаралай жүрегі айнады. Өткенде енем

келіп тұр дегесін, терезеден далаға көз тастаған...

Бақ-бақ сияқты ұшып кетейін деп тұрған әлжуаз кемпірді көріп, күлкісі келіп кетті. Өзін әзер тежеді...

Арасында байының ішетінінайтыпшағымданады. «Жүрген жері айқай-шу, нағылған адам екенін түсінбедім. Ішіп келсе, Абай, Мұқағалидың өлеңдерін оқиды...Кезінде ақынжанды жігіт деп ғашық болып едім»-дейді мұңайып...

Қаракөз өзімен жасты Аяулым деген мейірбикемен достасып алды. Ақкөңіл қыз өзінің интернеттен жігіт іздеп жүргенін айтты.

«Осыдан дәл бір жыл бұрын көрші кәрі қызға интернет арқылы бай тауып бердім. Ален Делон емес әрине...

Дегенмен 45 жасқа келіп, қу тізезін құшақтап отырғаннан тәуір ғой. Қатыны өлген еркек. Бір минуса әлгі байы дүкеннен дайын фарш сатып алушы болма, өзің үйден дайындаған фарш арзанға түседі деп дікілдейтін көрінеді...Есесіне ішпейді, шекпейді, оңға-солға қыдырмайды...

Әйтсе де, түк романтика жоқ. Еркектің тиын санап отырғанын жек көремін,-дейді қабағын түйіп...

Қаракөз не дерін білмей, жымиды да қойды. Кеше бір құшақ гүлмен келіп кеткен Бақытжанын ойлады. Уатсапқа «бала кімге ұқсайды, көзі кімдікі, мұрны ше»-деп бұрқыратып жазып жатыр...

Аш ішекше шұбатылған мерекелік күндер де бітті-ау, әйтеуір...

Дәрігер Қаракөз бен бөпесін қарап, үйге шыға беруге рұқсат етті. Хабар жетісімен енесі бастаған бір топ адам келіп екеуін перзентханадан шығарып алды. Дәрігерлер мен мейірбикелер тәтті мен гүлге қарық болды.

Құндақтаулы баланы қолына алған енесі еміреніп «жұмақтың иісі»-деді күлімсіреп...Келінінің маңдайынан сүйіп тұрып, Аллаға сансыз шүкіршілік айтты.

Өзін көзімен аймалап, қасына келуге бата алмай тұрған Бақытжанға көзі түскен Қаракөздің бақыттан басы айналып, көзіне жас келді...

Бибігүл Бөбекбай



Тәуелсіздікке 30 жыл!

**30 жыл болды мінеки,
Тәуелсіз болып ешкімге
Қазағым алға дамыды.
Өндіріс өрлеп қарқынмен,
Әлемге бүкіл танылды.**

**Ерікті еркін елдікті,
Бабалар көп жыл аңсаған.
Жауларды қуып жерінен,
Қырларды асып шарлаған.**

**Қасық қаны қалғанша,
Ата жұртын жаулардан,
Қорғау үшін аянбай
Бабалар тынбай шайқасты.**

**Ары үшін, ел үшін,
Байтақ дала жері үшін,
Келешек ұрпақ қамы үшін,
Жан аямай айқасты.**

**Сондықтан да бауырлар,
Тәуелсіздік қадірін,
Түсініп терең білейік!
Елі менен жері үшін,
Бабаларға айқасқан,
Тағзым етіп бір сәтке,
Басымызды иейік!**

**Нұрлан
Бекжанов,
ЖҚК ж/е ЖТ
колледжінің оқытушысы**





№12 (70) желтоқсан 2021 жыл



Өзен

8

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Серікқали Қабделұлы!



Сіз №1МГӨБ-те 25 жылдам астам уақыт бойы адал қызмет атқарып, Өзен кен орнының дамуына зор үлес қосып келесіз. Еңбек жолыңызды басқарманың ең күрделі цехы болып саналатын скважиналарды жерасты жөндеу цехында оператор болып бастадыңыз. Бүгінде еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бөлімінде инженер қызметін абыройлы атқарып жүрген жайыңыз бар.

Өзіңізді 55 жасқа толған мерейлі мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, кетпес бақ, таусылмас дәулет тілейміз.



Ізгі тілекпен,
№1 МГӨБ еңбек ұжымы

Қадірменді

Бекберген Көбейсінұлы!

Сізді мерейлі туған күн мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге табыс, баянды да бақытты ғұмыр тілейміз. Басыңыз аман болып, ұрпағыңызбен мың жасаңыз.

№1 СҚКБ басқармасында жұмысшы болып, 28 жыл бойы тынбай еңбек етіп жүрген Сіздің әрқашан мәртебеңіз биік. Арайлап атқан әрбір күніңіз шаттыққа толы болсын. Ағайын-туыс, достар арасында құрметке бөленіп жүре беріңіз. Тойыңыз тойға, мерекеніз берекеге жалғассын.

Келіп жеткен туған күнің құтты болсын,
Қуанышты, бақытты күндер көп болсын!
Әрдайым аспаның ашық болып,
Ісің табысты, денсаулығың мықты болсын!



Игі тілекпен, №1 СҚКБ еңбек ұжымы

Құрметті Қыдырқожа Қарақұл Орысбайұлы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі - 60 жас мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз.

Өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз Сізді білікті маман, ақжүрек азамат ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой - беделге ие болған мамансыз.

Осы ретте мұнай саласын дамыту мен жетілдіру ісіне көп жылдар бойы аянбай еңбек етіп келген Сіздің тұлғаңыз алдыңғы қатардан орын алады.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді Асқаралы Алатау – 60 жастың белесіне алып жетіпті. Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Отбасыңыздан береке - бірлік, басыңыздан бақ - дәулет таймай, немерелеріңізді қызықтап, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге беріңіз!

Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып толсын.

Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық - қуанышыңыз мол болсын!

Игі істеріңіздің қашанда оңға басып, ел - қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектестік білдіреміз!



Рухани азық

Кітап — адамды өзгертеді

Назарыңызға «Әдепті адам иттен де ұялады» деп айтқан (кейіпкерінің сөзі) Антон Чеховтың шығармаларын ұсынамыз.

Автордың «Алтыншы палата» атты әңгімесінде махаббат жоқ... Бұл әңгімені оқып отырып, орыс қоғамының әбден іріп-шіріп кеткенінің куәсі боласыз.

Талантты жазушының «Қара сопы» шығармасында болашағынан көп үміт күткізген жас ғалым, магистр-философ қоғамда өзіне лайық орнын алу мүддесінде үздіксіз оқудың, ізденудің жолында жүріп, жүйкесін шаршатып алатыны баяндалады...

Чеховтың қою бояулы, терең психологизмге негізделген «Мұң» деген әңгімесінде жалғыз баласы өлген жалғызбасты шал бар. Жалғыз баласынан айырылған шал өзін тыңдар адам таба алмай атына мұң шағады...

Чехов-адамды еріксіз ойландырады...



Оқыңыз, өкінбейсіз!

Түсінгенім, қаламгер жан дүниесі ғана емес, материалдық жағынан да бай болуы керек. Мәселен, Чехов орман екен, өз қаражатына халық есебін жүргізген...

* Оймақтай ой

«Тірі болсам, қазаққа
қызмет қылмай
қоймаймын».

Әлихан Бөкейхан

Өзен

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ

Редакция мекен-жайы:

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,

Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі

Жұртшылықпен байланыс департаменті

Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**

Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmger.kz

Журналист **Айнагүл Күшікбай**

Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru

Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС

баспаханасында басылып шығарылды

130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,

«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе

Тел: +7 (7292) 525-500

Таралымы: 3000 дана

Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады

айына бір рет шығады



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>